

Ақсу қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 10 маусымдағы "Ақсу қаласы бойынша көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындарды белгілеу туралы" № 444/6 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 31/1 қаулысы

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 40-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақсу қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 10 маусымдағы "Ақсу қаласы бойынша көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындарды белгілеу туралы" № 444/6 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4567 болып тіркелген, 2015 жылғы 10 шілдеде № 26 "Ақсу жолы" және № 26 "Новый путь" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің қадағалайтын орынбасарына жүктелсін.

Қала әкімі

Қ. Нүкенов